



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

Жарияланды: 2021 ж. 23 маусымда

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрдің орынбасары
Р.В. Склярға**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Роман Васильевич!

Біздің депутаттық сауалымыз Агроөнеркәсіп кешенінің жекелеген секторларын қолдауға бағытталған инвестициялық субсидиялар мен субсидиялар алуға қиындықтарға тап болған ауылдағы ағайынның жан – айқайына қатысты. *(инвестициялық субсидиялар, сыйақы мөлшерлемелері, тыңайтқыштар, пестицидтер, тұқымдар, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, гектарлық субсидиялар бойынша, сақтандыру бойынша, қарыздарды кепілдендіру/сақтандыру бойынша, қаржылық сауықтыру бойынша, ЖҚЖК бойынша, суармалы су бойынша, аквамадениет бойынша, МҚҰ операциялық шығыстары бойынша, тексеру одақтары бойынша, мал шаруашылығы бойынша, көпжылдық екпелер бойынша кепілдік беру).*

Субсидия алуға өтінім беру рәсімі "Ақпараттық - есептеу орталығы" Акционерлік Қоғамының **Qoldau.kz** платформасы негізінде жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда платформада **218 мың 677 пайдаланушы** тіркелген.

Qoldau.kz сандық платформасы ақылы негізде жұмыс істейді және қызмет құны алынған субсидия сомасына байланысты. Мәселен, субсидия сомасы 100 мың теңгеге дейін болса, төлем 3 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Бұл шамамен 9 мың теңге, 1 млн.теңгеге дейін – 10 АЕК - ті, яғни 29 мың теңге, ал 1 млн. теңгеден астам - 11 айлық есептік көрсеткіш, 32 теңге шамасында төленуі тиіс. Онсыз шаруа субсидиядан қағылады. **Бізге және шаруаларға** қызметтің құны неге субсидия көлеміне байланысты екені түсініксіз, өйткені мұнда тек өтінім беру рәсімделеді, оның өзі автоматты түрде жасалады. Ағымдағы жылы осы қызметті алушылардың саны 218 мыңнан астам екендігін ескерсек, сандық платформаның қанша табыс табатынын есептеу қиын емес!

Сонымен қатар, шаруалардың көптеген шағымдары платформа арқылы өтініш беру кезіндегі кедергілерге байланысты. Дихандар дала жұмысын атқарудың орнына таң атқаннан күн батқанға дейін компьютерге үніліп, порталға өтініш беру үшін «мүмкіндіктер терезесін» іздеуге мәжбүр! Бірақ

«мүмкіндік терезесінің» қызметі порталдың ашылу уақытын білетіндерге ғана бұйырады екен. Ал, өтінімдерді рәсімдеу мәселесі өңірлердегі ауыл шаруашылығы басқармаларының жанындағы оператор дейтін «күдіреті күшті» лауазым иелерінің қолында екендігін ұмытпаған жөн. Бұл ретте аграршылардың бюджетте қаражаттың болуына қарамастан алдын ала өтінімдерді орналастыруға ешқандай мүмкіндігі жоқ.

Сондықтан да халық арасында бұл жүйені Qoldau емес, Qorlau деген ұғым қалыптасқан.

Соңғы күндері аталған жүйенің «жүйкесі сыр бергені» туралы шаруалар дабыл қағуда. «Мүйіз сұрап, құлақтан айырылды» - деген халық мақалы осындайда айтылса керек...

Бұдан басқа, мал басын есепке алу ҚР АШМ «ақпараттық-талдау жүйесі» (АТЖ) арқылы жүзеге асырылады, онда тіркеу үшін шаруа 8500 теңге, одан бөлек жаңа туған немесе сатып алынған мал басының әр басына 200 теңге төлейді. Бірақ субсидия алу үшін тағы бір ақпараттық жүйеге – «субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне» (САЖ) өтінім беру арқылы тіркелу қажет.

Осылайша, шаруа малдың сапасын жақсарту мен өнімділікті арттырудың орнына, ауылдағы интернеттің сапасының төмендігіне қарамастан «тарыдай шашылған» электронды порталдардың қулықтарын түсінуге және онымен ақылы негізде жұмыс жасауға мәжбүр.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне мынадай мәселелерді шешу қажет деп санаймыз:

1) Сандық платформалар **Qoldau.kz**, «Ақпараттық-талдау жүйесін» (АТЖ) және «Субсидиялаудың ақпараттық жүйесін» (САЖ) бір арнаға тоғыстырып, «бір терезе» қағидаты бойынша жұмысын реттеуді.

2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін жою мақсатында Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес Цифрлық платформаның жұмысын ақысыз, алдын ала өтінім беру мүмкіндігін қарастыра отырып, **толық автоматтандыруды.**

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Nur Otan» партиясы
фракцияның депутаттары**

Б. Бекжанов

А. Рау



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

Оглашен: 23 июня 2021 г.

**Заместителю
Премьер-Министра
Республики Казахстан
Скляр Р.В.**

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

Уважаемый Роман Васильевич!

Наш депутатский запрос связан с многочисленными жалобами сельхозтоваропроизводителей на трудности при получении инвестиционных субсидий и субсидий, направленных на поддержку отдельных секторов АПК. *(инвестиционные субсидии, ставки вознаграждения, удобрения, пестициды, семена, переработка сельскохозяйственной продукции, гарантирование по гектарным субсидиям, по страхованию, по гарантированию/страхованию займов, по финансовому оздоровлению, по ДКЗ, по поливной воде, по аквакультуре, по операционным расходам МФО, по ревизионным Союзам, по животноводству, по многолетним насаждениям).*

Подачу заявок на получение субсидий аграрии производят через платформу **Qoldau.kz**, оператором которой является АО «Информационно - учетный центр». На сегодняшний день на платформе зарегистрировано **218 тыс. 677 пользователей**.

При этом цифровая платформа Qoldau.kz работает на платной основе и стоимость услуги зависит от суммы получаемой субсидии. Так, при сумме субсидии до 100 тыс. тенге оплата составляет 3 месячных расчетных показателя (около 9 тыс. тенге), до 1 млн. тенге – 10 МРП, а свыше 1 млн. тенге - 11 месячных расчетных показателей. **Нам и крестьянам не понятно, почему стоимость услуги зависит от объемов субсидии, ведь совершается просто заявочная процедура, а цена «клика» возрастает!** В текущем году объем субсидий запланирован в объеме более **198 млрд.** тенге и не трудно посчитать сколько заработает оператор на предоставлении данных услуг!

Кроме того, многочисленные жалобы крестьян связаны с ограничениями при подаче заявок через платформу Qoldau.kz в зависимости от запланированных по региону объемов финансирования по отдельным видам субсидий. Крестьянам, вместо того чтобы работать в поле, приходится сидеть у компьютера и ловить «окно возможностей» для подачи заявок на портал! Но эта возможность предоставляется тем, кто знает, когда это «окно» открывается, так как заявки принимает оператор при областных управлениях

сельского хозяйства. При этом аграрии не имеют возможности разместить предварительные заявки, вне зависимости от наличия средств в бюджете на момент её подачи! Как следствие в 2020 году из общего количества поданных заявок 30% не получили положительного решения, при том что выделенного объема финансирования из республиканского бюджета в целом было достаточно.

Кроме того, учет поголовья скота осуществляется через «Информационно-аналитическую систему» (ИАС) МСХ РК, за регистрацию в которой крестьянин платит 8500 тенге и 200 тенге за каждую голову новорожденного или приобретенного поголовья. Но для получения субсидий необходимо зарегистрироваться и подать заявку в еще одну информационную систему - «Информационная система субсидирования (ИСС)».

Таким образом крестьянин вместо улучшения качества скота и повышения урожайности вынужден разбираться в хитросплетениях электронных порталов, ждать своей очереди в условиях низкого качества интернета в селе! И все для того чтобы получить законную поддержку от государства за свой добросовестный труд!

На основании вышеизложенного считаем необходимым Правительству Республики Казахстан решить следующие вопросы:

1) Объединить цифровые платформы **Qoldau.kz**, «Информационно-аналитической системы» (ИАС) и «Информационная система субсидирования (ИСС)» в один портал по принципу «одного окна».

2) Обеспечить субсидирование субъектов агропромышленного комплекса в соответствии со стандартом государственной услуги на безвозмездной основе с возможностью подачи предварительной заявки на соответствующую цифровую платформу при **полной автоматизации работы цифровой платформы** с целью устранения коррупционных проявлений.

В соответствии со статьей 27 Конституционного Закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» просим дать письменный ответ на депутатский запрос в установленные законодательством сроки.

С уважением,

**депутаты фракции
партии «Nur Otan»**

Б. Бекжанов

А. Рау

исп.: Утегенов Д.Б.
Тел.: 74-67-60